

"Энергетикалық сараптама өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 214 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2005 жылғы 2 ақпандағы N 23 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 1 наурызда тіркелді. Тіркеу N 3471. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 04 қарашадағы № 343 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 04.11.2013 № 343 бұйрығымен.

1. "Энергетикалық сараптама өткізу ережесін бекіту туралы" (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3089 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілер бюллетенінің 2004 жылғы N 41-44 жарияланған) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 214 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін: көрсетілген бұйрықпен бекітілген энергетикалық сараптама өткізу ережесінде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Энергетикалық сараптама жөніндегі жұмыстарды орындау үшін ұйымдарда міндетті түрде аттестациядан өткен электр зертханасы, электр қауіпсіздігі бойынша кіру рұқсаты бар тиісті топтағы білікті қызметшілер, тексеруден және электрлік сынақтан өткен өлшейтін және сынайтын аспаптардың болуы қажет."

2. Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (Н.Б.Бертісбаев) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде белгіленген заңнамалық тәртіппен мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

